

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Археология, этнология және музеология кафедрасының докторанты Биалов Сейдали Умиртаевичтің «6D020800 – Археология и этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы» тақырыбындағы диссертациясына

П І К І Р

Сырдария өзенінің бойы ерте бастан-ақ отырықшы мәдениеттің ошақтарына айналған өңірдің бірі. Сондықтан Сырдария өзенінің басынан аяғына дейін отырықшы егіншілікпен айналысқан елдімекендердің орындарын кездестіруге болады. Әсіресе, антикалық дәуірден кейінгі орта ғасырға дейінгі қоныстық ескерткіштер көп орналасқан. Дарияның бойы ерекше отырықшы мәдениетті қалыптастырған өңір болғандықтан, өңірде қоныстық ескерткіштер көп кездесетін аймақтарды үлкен үш мәдениетке бөліп қарастырып келеді. Зерттеушілер Сырдарияның жоғарғы ағысын «қауыншы», орта ағысын «отырар-қаратау», төменгі ағысын «жетіасар» мәдениеті деп бөліп, ескерткіштерін сол мәдениеттерге жатқызып зерттеп келеді.

Сырдарияның төменгі ағысындағы «жетіасар» мәдениетіне жататын көптеген ежелгі қоныстық ескерткіштердің саны орта ғасырларда арта түседі. Орта ғасырлардағы оғыз мемлекеті тұсындағы, тіпті Алтын Орда кезеңімен мерзімделетін ескерткіштерді Сырдарияның тарамдалған бірнеше арналарының бойынан кездестіруге болады. Олар алуан түрлі топографияда кездеседі. Өңірдегі ескерткіштер бойынша қорғалған диссертациялар мен шыққан еңбектер жоқ емес. Бірақ, бүгінгі күнге дейін орта ғасырларға жататын ескерткіштерді толық, барлығын қамти отырып типологиясы мен фортификациясы туралы жазылған еңбек жоқтың қасы. Сондықтан диссертанттың ұсынылып отырған диссертациясы Отандық археологияның орта ғасыр кезеңдері бойынша аса маңызды болып табылады.

Диссертациялық жұмыс кіріспе, негізгі үш тараудан, қорытынды және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде жұмыстың жалпы сипаттамасы, өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, нысаны, пәні, территориялық аумағы, хронологиялық шеңбері, дереккөздері, зерттелу деңгейі, қолданылған әдістер мен әдістеме, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңызы, ұсынылатын негізгі тұжырымдар және т.б. қарастырылған.

Сырдарияның төменгі ағысында қалалық мәдениеттің дамуы ежелгі дәуірге тереңдеп кетеді деп жоғарыда айттық. Бірнеше ондаған ғасырлық қалыптасу тарихы бар өңірдегі ескерткіштерді зерттеудің де үлкен тарихы бар. Өңірдің табиғаты мен тарихы туралы жазылған деректер де жоқ емес. Сондықтан, жұмыстың бірінші тарауы тікелей қалалық мәдениеттің қалыптасуы, ескерткіштердің зерттелу тарихы мен дереккөздеріне арналады. Сырдарияның төменгі ағысындағы немесе Аралдың шығыс маңындағы қалалық мәдениеттің қалыптасуы б.з.д. I мыңжылдықтан бастау алады. Өңірдегі орта ғасырлардағы ескерткіштер туралы жазғанда, олардың антикалық уақыттың ескерткіштермен сабақтастығының бары байқалады. Осыған байланысты ескерткіштердің қалыптасуын ежелгі уақыттан бастап олып отыр. Кеңестік кезеңде өңірдегі ескерткіштерді 1946-1991 жж. аралығында ХАЭЭ, 2000-шы жж. басынан бастап Отандық зерттеушілердің зерттеулері, оның ішінде диссертанттың өзінің қатысуымен жүргізілген жұмыстардың материалдары жұмыстың негізгі дереккөзі болып отыр. Жазба деректер бойынша қытайдың ежелгі хабарламаларынан бастап, араб-парсы және түркі жазба деректері, батыс елдерінің жазбалары қарастырылады. Ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан ескерткіштердің зерттелуі XVIII ғ. ортасынан басталып, бүгінгі күнге дейін

келеді. Негізгі зерттеу жұмыстарының кезеңдерге бөлінуі саяси жағдайларға байланысты топталған. Осылай бөлу әрбір зерттеу кезеңдерінің ерекшеліктері мен жетістіктерін көрсетуге септігін тигізген.

Сырдарияның төменгі ағысындағы көптеген ортағасырлық қоныстық ескерткіштердің осы күнге дейін бір-бірінен ерекшеленетін және ұқсастықтарын топтастыратын, типологиясы жасалынған ортақ ғылыми еңбектер кем екендігі барлығына мәлім. Осы себепті жұмыстың екінші тарауы ескерткіштердің типологиясына арналады. Өңірдегі ескерткіштердің ішінен 61 бекіністі қоныстың сипаттамалары беріліп, бірнеше топтық типологиясы, ал Жетіасар мәдениетінің 41 ескерткіші іріктеліп, олар үлкен алты топқа біріктіріліп, қарастырылады. «Батпақтағы қалалар» негізгі ірі қалаларға байланысты үш топқа топтастырылып беріледі. Мұндағы ең үлкен қала Жанкент қаласы болғандықтан, ол жеке қарастырылған. Іңкәрдария мен Жаңадария арналары бойындағы қалалардың типологиясы атқарған қызметтеріне байланысты бес топқа топталып беріліп отыр.

Ежелгі немесе орта ғасырлардағы қоныстық ескерткіштердің көбінде негізгі қызметі – қорғаныс болды. Олардың құрылымында қорғаныс жүйесі маңызды рөл атқарды. Сырдария бойындағы ескерткіштерден де қорғаныс жүйесіне ерекше мән бергенін көруге болады. Осы мәселе төңірегінде зерттеулер жүргізу үшін жұмыстың үшінші тарауы осы фортификацияға арналған. Ескерткіштерде қорғаныс құрылыстардың дамуы мен қоршау техникалары жеке қарастырылып, қорғаныстың даму сатыларына тоқталады. Сыртқы қорғаныстан бөлек, қалалардың ішіндегі ішкі қамалдардың да қорғаныс құрылыстары зерттеліп беріледі. Қалалар мен қоныстардың қорғаныс жүйелері жеке топталып, ерекшеліктері мен өзара ұқсастықтары, сонымен қатар жетіасар мәдениетінің қоныстарының қорғаныс құрылыстары жеке зерттеледі. «Батпақтағы қалалардың» қорғаныс құрылыстарын қарастыру барысында бірқатар қалалардың бірнеше кезеңдік қорғаныс жүйесі болғандығына тоқталып өтеді.

Диссертацияның тарауларында қарастырылған негізгі мәселелердің барлығының негізгі түйінді ойлары қорытынды бөлімінде берілген.

Жалпы, диссертант жұмысының құрылымы мен мазмұны жұмыста қарастырылған мәселелерге толық сай келеді. Бірізділікпен жүйелі жазылған жұмыс, тараулары, ондағы тараушалары бірін-бірі толықтырып жұмыстың ғылыми деңгейін арттырып тұр. Алынған ғылыми нәтижелері мен нақты тұжырымдарын ескере келе, жұмыс толық аяқталған еңбек деп есептеуге болады. Барлық талаптарға сай жазылғандықтан, Билалов Сейдали Умиртаевичтің «6D020800 – Археология и этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы» тақырыбындағы диссертациясын кеңесте қарауға ұсынамын.

Ә.Х. Марғұлан атындағы
Археология институтының ЖҒҚ, Ph.D

Е.Ш. Ақымбек

Е.Ш. Ақымбек

